



»Халықаралық жасыл технологиялар
және инвестициялық жобалар
орталығы» КЕАҚ Директорлар
кеңесінің жылғы
шешімімен бекітілген, хаттама №

**«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар
орталығы» КЕАҚ Сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және қылмыстық
жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді
қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты**

Нұр-Сұлтан қ., 2020 жыл

	«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты		
		1-редакция	23 беттің 1-беті

1. Жалпы ережелер

1. «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты (бұдан әрі – Саясат) «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ-тың (бұдан әрі -Қоғам) сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелерін реттейтін негізгі ішкі нормативтік құжаты болып табылады.

Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және АЖ/ТҚҚ-ға қарсы іс-қимыл саласындағы ішкі бақылау жүйесін нормативтік реттеу Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы бекітетін АЖ/ТҚҚ мәселелерін реттейтін Қоғамның ішкі актілерінің жиынтығынан тұрады.

2. Саясат Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын ескере отырып, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» (бұдан әрі – Заң), «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» (бұдан әрі-КЖ/ТҚҚ туралы Заң) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді.

3. Саясат сыбайлас жемқорлық, алаяқтық құқық бұзушылықтардың алдын алу және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру (бұдан әрі – АЖ/ТҚ) мақсаттарын белгілейді және негізгі қағидаттарын, басқарушылық және ұйымдастырушылық негіздерін, Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын қатаң сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды, сондай-ақ Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және АЖ/ТҚҚ-ға қарсы іс-қимыл саласындағы мінез-құлқының жалпы қағидаларын айқындайды.

4. Саясаттың мақсаты Қоғамның барлық лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде адалдық және сатылмаушылық қағидаттарын қамтамасыз ететін кез келген нысандағы және көріністердегі сыбайлас жемқорлықты, алаяқтықты, АЖ/ТҚ қабылдамайтын құқықтық корпоративтік мәдениетті қалыптастыру және одан әрі жетілдіру болып табылады.

5. Саясат корпоративтік мәдениетті жетілдіру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелерін ұстану және Қоғамның іскерлік беделін тиісті деңгейде қолдау үшін Қоғамның

	«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты		
		1-редакция	23 беттің 1-беті

және оның басшылығының мінез-құлықтың жоғары этикалық стандарттарына бейілділігін көрсетеді.

Қоғам сыбайлас жемқорлық және алаяқтық әрекеттерді, КЖ/ТҚ жасауға немесе жасыруға мүлдем төзбеушілік саясатын ұстанады, бұл саясат қажет болған жағдайда, сот талап-арыздарын ұсына отырып, тәртіптік, азаматтық-құқықтық, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тарта отырып, тексерілуге және өзінің қисынды қорытындысына жеткізілуге тиіс.

6. Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлері Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлық және алаяқтық іс-әрекеттерге, АЖ/ТҚҚ-ға, саясатқа және басқа да сыбайлас жемқорлыққа қарсы құжаттарға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының талаптарын басшылыққа алуға, Қазақстан аумағында да, одан тыс жерлерде де олардың қағидаттарын мүлтіксіз сақтауға тиіс.

7. Қоғам Басқармасы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын іске асыруға бағытталған қажетті іс-шараларды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

8. Саясатта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) жақын туыстар-ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апасіңділері (қарындастары), ата, әже, немерелер;

2) лауазымды тұлғалар-Директорлар кеңесінің, Қоғам Басқармасының мүшелері;

3) контрагент (клиент) – Қоғам азаматтық заңдармен реттелетін қатынастарға түскен немесе қарым-қатынас жасауды жоспарлаған жеке немесе заңды тұлға;

4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) сыбайлас жемқорлық тәуекелі-сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындауының ықтимал алғышарттары;

6) сыбайлас жемқорлық-лауазымды адамның, Қоғам қызметкерінің өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табыс табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алуы;

7) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) – қылмыстық құқық бұзушылықтардан түсетін кірістерді білдіретін мүлікті конверсиялау немесе аудару түрінде мәмілелер жасау арқылы қылмыстық

	«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты		
		1-редакция	23 беттің 1-беті

жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті заңды айналымға тарту не мұндай мүлікті иелену және пайдалану, егер мұндай мүліктің қылмыстық құқық бұзушылықтардан түсетін кірістерді білдіретіні белгілі болса, оның шынайы сипатын, көзін, орналасқан жерін, билік ету, орнын ауыстыру тәсілін, мүлікке құқықтарды немесе оның тиесілігін жасыру немесе жабу;

8) Қоғамда басқарушылық функцияларды орындайтын адам - Қоғамда ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша не арнайы өкілеттік бойынша орындайтын адам;

9) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам – жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған адам; еңбекақысы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет қаражатынан төленетін Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттарының депутаттығына, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін, жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органының мүшелігіне кандидат ретінде тіркелген азамат; мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен оның ведомстволарының қызметшілері; Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрекет ететін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның қызметшілері; қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның қызметшілері;

10) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет туралы Заңдарына сәйкес мемлекеттік қызметші, мәслихат депутаты, сондай-ақ мемлекеттік лауазымда көзделген міндеттерді Мемлекеттік қызметке тағайындалғанға дейін уақытша орындайтын адам;

11) алаяқтық әрекеттер-жеке және (немесе) заңды тұлғалардың қоғам есебінен пайда алу және (немесе) оған материалдық және (немесе) материалдық емес залал келтіру мақсатындағы қасақана әрекеттері немесе әрекетсіздігі;

12) алаяқтық-алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен бөтеннің мүлкін ұрлау немесе бөтеннің мүлкіне құқықты иемдену;

13) Жауапты қызметкер (жауапты бөлімше) – қоғамда сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және АЖ/ТҚҚ-ға қарсы іс-қимыл үшін жауапты болып айқындалған тұлға (бөлімше);

14) сыйлық - Қоғамның қызметкерлері және (немесе) лауазымды адамдары

	«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты		
		1-редакция	23 беттің 1-беті

қоғам атынан және (немесе) оның есебінен контрагенттерге (клиенттерге) және өзге үшінші тұлғаларға ұсынатын кез келген сыйлықтар, қызметтер, шақырулар, ақша, сапарлар, өзге де сыйақы нысандары, сондай-ақ қоғамдағы өз міндеттерін орындау шеңберінде қоғам немесе қоғамның қызметкері және (немесе) лауазымды адамы контрагенттерден (клиенттерден) және өзге де үшінші тұлғалардан алатын сыйлықтар, қызметтер, шақырулар, ақша, сапарлар, өзге де сыйақы нысандары;

15) сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл-лауазымды адамдардың, қызметкерлердің өз өкілеттіктері шегіндегі қызметі;

сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың алдын алу, оның ішінде Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою бойынша;

сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықты анықтау, алдын алу, жолын кесу, ашу және тергеу, сондай-ақ олардың салдарын жою бойынша;

16) қызметкер-Қоғам Басқармасының мүшелерін қоспағанда, жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға;

17) жекжаттар-жұбайының (зайыбының) аға-інілері, апа-сіңлілері, ата-аналары және балалары);

18) терроризмді қаржыландыру – қызметінің террористік сипатын немесе берілген мүлік, көрсетілген ақпараттық, қаржылық және өзге де қызметтер террористік іс-әрекетті жүзеге асыру не террористік топты, террористік ұйымды, заңсыз әскерилендірілген құралымды қамтамасыз ету үшін пайдаланылатынын анық ұғынған адамның жеке тұлғаға не тұлғалар тобына не заңды тұлғаға ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті, мүлікке құқықты немесе мүліктік сипаттағы пайданы беруі немесе жинауы, сондай-ақ сыйға тарту, айырбастау, қайырмалдықтар, қайырымдылық көмек, ақпараттық және өзге де қызмет түрлерін көрсетуі немесе қаржылай қызмет көрсетуі ;

19) қаржы мониторингі-Қоғамның жауапты қызметкері (жауапты бөлімшесі) жүзеге асыратын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операциялар туралы мәліметтер мен ақпаратты жинау, өңдеу, талдау және пайдалану жөніндегі шаралар жиынтығы;

20) жымқыру-Қоғамға залал келтірген, бөтеннің мүлкін кінәлінің немесе басқа адамдардың пайдасына пайдакүнемдік мақсатта жасалған құқыққа қарсы өтеусіз алып қою және (немесе) айналдыру.

9. Саясатта пайдаланылатын өзге де ұғымдар Заңға және АЖ/ТҚҚ туралы Заңға сәйкес қолданылады.

	«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты		
		1-редакция	23 беттің 1-беті

2. Сыбайлас жемқорлық, алаяқтық және АЖ/ТҚҚ қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары

10. Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және АЖ/ТҚ қарсы іс-қимыл мынадай негізгі қағидаттарға негізделеді:

- 1) заңдылық;
- 2) қызметтің жариялылығы мен ашықтығы;
- 3) басқарушылық, ұйымдастырушылық, ақпараттық, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, арнайы және өзге де шараларды кешенді пайдалану;
- 4) Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінде сыбайлас жемқорлықты, алаяқтықты, АЖ/ТҚҚ қабылдамайтын және лауазымдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде адалдық пен Сатылмаушылық қағидаттарын қамтамасыз ететін құқықтық мәдениетті қалыптастыруға жәрдемдесу;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихатты жүзеге асыру;
- 6) мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, қоғамдық бірлестіктермен және үкіметтік емес ұйымдармен сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы ынтымақтастық.

3. Сыбайлас жемқорлық, алаяқтық іс-әрекеттердің түрлері және олардың белгілері, сондай-ақ типологиясы, АЖ/ТҚҚ схемалары мен тәсілдері

11. Қоғам өз қызметінде сыбайлас жемқорлық және алаяқтық құқық бұзушылықтарды, сондай-ақ АЖ/ТҚҚ жол беруге болмайды және сыйыспайды деп санайды.

12. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға заңмен әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген құқық бұзушылықтар жатады:

- 1) пара беру не алу кезінде жасалатын қасақана іс-әрекеттер;
- 2) Қоғамның лауазымды адамының, жұмыскерінің ақша, құндылықтар, сыйлықтар және өзге де мүлік немесе мүліктік, жеке немесе моральдық сипаттағы көрсетілетін қызметтер түрінде пайда алу мақсатында коммерциялық параға сатып алуы не өзінің қызмет жағдайын Қоғамның заңды мүдделеріне қайшы өзге де заңсыз пайдалануы;

3) өзі үшін немесе үшінші тұлғалар үшін өзге де мүліктік құқықтар алу не басқа жеке тұлғалардың көрсетілген адамға мұндай пайданы заңсыз беруі;

4) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлық туралы заңнамасына сәйкес өзге де мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алу.

13. Қоғам алаяқтық пайда алуға (әдетте қаржылық) бағытталған қылмыстардың тізбесінің өте ауқымды екенін және Қоғамның өз қызметі (ішкі

	«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты		
		1-редакция	23 беттің 1-беті

алаяқтық) шеңберінде де, одан тыс жерлерде де (сыртқы алаяқтық) көптеген тәуекел тудыратын факторларға байланысты күрделі сипатқа ие екенін назарға алады.

14. Ішкі алаяқтықтың ықтимал жағдайлары:

1) қаржылық есептілікті бұрмалау-заңсыз пайда алу үшін заңсыз әрекеттердің (әрекетсіздіктің) көмегімен жұмыскерлер және (немесе) басшы құрам қатарындағы бір немесе бірнеше адамның қасақана жасаған әрекеттері;

2) Қоғам активтерін заңсыз пайдалану / иемдену / ұрлау / талан-таражға салу – ақша қаражатын жымқыру, ақша қаражатын мақсатсыз пайдалану, негізгі құралдарды, тауар-материалдық құндылықтарды ұрлау және әдейі бүлдіру;

3) лауазымдық өкілеттікті теріс пайдалану және лауазымдық өкілеттікті асыра пайдалану – лауазымдық өкілеттікті және онымен байланысты мүмкіндіктерді мүлдітік пайда алу үшін пайдалану, тауарларды/жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезіндегі бұзушылықтар, оның ішінде құжаттарды қолдан жасау/бүлдіру, ақшалай сыйақыларды, қымбат сыйлықтар не тиімді көрсетілетін қызметтерді алу үшін тауарларға/жұмыстарға/көрсетілетін қызметтерге бағаны арнайы көтеру немесе төмендету.

15. Сыртқы алаяқтықтың ықтимал жағдайлары:

1) қосымша пайда алу мақсатында контрагенттер (клиенттер) жасайтын іс-әрекеттер, оның ішінде қоғамға залал келтіруі мүмкін салық және бюджетке төленетін міндетті төлемдерді төлеуден жалтару;

2) контрагенттердің (клиенттердің) алдау не жаңылыстыру және қоғам есебінен пайда табу мақсатында көрінеу жалған, өзгертілген не бұрмаланған ақпарат беруі;

3) Қоғамның қызметіне нұқсан келтіру және (немесе) оның беделіне теріс әсер ету мақсатында қоғамның ақпараттық жүйелеріне санкцияланбаған енуге немесе құпия ақпаратты иеленуге бағытталған іс-әрекеттер;

4) контрагент (клиент) басшысының өз өкілеттіктерін қасақана асыра пайдалануы (жоғары тұрған органның санкциясынсыз мәмілелер жасасу үшін контрагенттің (клиенттің)/Қоғамның жарғысында немесе өзге де құжаттарында белгіленген мәмілелердің ең жоғары мөлшерінен асып кетуі, контрагенттің (клиенттің)/Қоғамның мүлкін пайдалану жөніндегі шектеулерді сақтамау;

5) Қоғам активтерін заңсыз пайдалану/ иемдену/ ұрлау/ талан-таражға салу;

6) Қоғамның негізгі құралдарын, тауар-материалдық құндылықтары мен қорларын ұрлау және (немесе) әдейі бүлдіру.

16. Қоғам АЖ/ТҚҚ-ны кез келген көрінісін және нысандарын құптамайды.

17. КЖ/ТҚҚ типологияларын, схемалары мен тәсілдерін қаржы

	«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты		
		1-редакция	23 беттің 1-беті

мониторингін жүзеге асыратын және КЖ/ТҚҚ бойынша өзге де шаралар қабылдайтын уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді және оның ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

4. Сыбайлас жемқорлық және алаяқтық құқық бұзушылықтардың, АЖ/ТҚҚ алдын алу жөніндегі шаралар

18. Қоғамда сыбайлас жемқорлық және алаяқтық құқық бұзушылықтардың профилактикасы, сондай-ақ АЖ/ТҚҚ профилактикасы тұрақты негізде мынадай негізгі шараларды қолдану арқылы жүзеге асырылады:

1) Қоғам қызметкерлерінде сыбайлас жемқорлық, алаяқтық іс-әрекеттерге, мүлікті ұрлау және АЖ/ТҚҚ төзбеушілікті төмендегілер арқылы қалыптастыру:

жауапты қызметкердің (жауапты бөлімшенің) құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлерінің түсіндіру әңгімелерін жүргізуі;

басшылардың Қоғамда анықталған фактілер және бар болса сот шешімдері туралы Қоғам қызметкерлерінің назарына жеткізуі;

2) Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының, қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтау мәдениетін қалыптастыру, оның ішінде Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының және Қазақстан Республикасының АЖ/ТҚҚ туралы заңнамасының нормаларын түсіндіру бойынша оқыту іс-шараларын, тренингтер, семинарлар өткізу, Қоғам қызметкерлері үшін жыл сайынғы оқыту семинарларын өткізу арқылы қалыптастыру;

3) Қоғамның қызметі үшін белгіленген, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру және сақтау. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары Қоғам Басқармасының шешімімен бекітіледі;

4) Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлеріне, сондай-ақ үшінші тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген әдістермен сыбайлас жемқорлық, алаяқтық, АЖ/ТҚҚ, ұрлау, теріс пайдалану және басқа да заңға қайшы әрекеттер жасауға қатысты белгілі фактілер немесе күдіктер туралы хабарлау құқығын қамтамасыз ету.

5. Сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтық әрекеттер және АЖ/ТҚҚ қарсы іс-қимыл тәртібі

19. Құқыққа қарсы әрекет жасалды деп пайымдауға жеткілікті негізі бар кез келген адам өз бетінше тергеу жүргізуге, алынған ақпаратты басқа

	«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты		
		1-редакция	23 беттің 1-беті

адамдармен талқылауға тырыспауы тиіс.

20. Қоғам өзінің барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері, сондай-ақ заң бұзушылықтар туралы адал хабарлаған өзге де тұлғалар (контрагенттер, клиенттер) туралы ақпараттың құпиялылығына кепілдік береді.

21. Қоғам сыбайлас жемқорлық, алаяқтық немесе АЖ/ТҚҚ фактілері туралы келіп түскен анонимдік хабарламалар бойынша тексеруді не қызметтік тергеп-тексеруді жүзеге асырмау құқығын өзіне қалдырады.

22. Мән-жайларды анықтау мақсатында Қоғам сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттерді іске асыру үшін Қоғам өкілдерінің қатысуымен жұмыс топтарын, комиссиялар құруға бастамашылық жасай алады.

23. Осы Қағиданың 22-тармағында көрсетілген жұмыс топтарының мүшелері мен комиссия мүшелері қызметтік тексеру жүргізу шеңберінде қоғамның барлық құжаттарына еркін және кедергісіз қол жеткізе алады. Сондай-ақ, жұмыс топтарының мүшелері мен комиссия мүшелері тексеру саласы шегінде папкаларда, жұмыс үстелдерінде немесе басқа да сақтау орындарында, оның ішінде құпия сипаттағы құжаттарды тексеруге, суретке түсіруге, бейнеге түсіруге және толық немесе ішінара көшіруге құқылы.

24. Қызметтік тергеп-тексеру жүргізген Қоғам қызметкерлері алынған ақпараттың құпиялылығын сақтауға және өтініштер мен тергеп-тексеруге қатысты ақпаратқа осы қол жеткізуге заңды құқығы бар адамдарға ғана рұқсат бере отырып, барлық байланысты тараптардың беделін қорғауға міндетті.

25. Лауазымды тұлғалар мен Қоғам қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық, алаяқтық сипаттағы және (немесе) АЖ/ТҚҚ ықтимал фактілері анықталған жағдайда, тергеу нәтижелерін тиісті құқық қорғау органдарына жіберу туралы шешім қабылданады:

Қоғам қызметкерлері бойынша-Қоғам Басқармасының Төрағасы;

Басқарма мүшелері, Директорлар кеңесінің мүшелері, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесіне бағынатын және есеп беретін қызметкерлер бойынша-Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы.

26. Қоғам қызметтік тергеу/тексеру жүргізу барысында жиналған қолда бар материалдарды құқық қорғау және сот органдарына беруге құқылы.

27. Дәлелдемелер адамдарды жауаптылыққа тарту үшін жеткілікті болған барлық жағдайларда, бұл Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтай отырып жасалады.

	«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты		
		1-редакция	23 беттің 1-беті

6. Сыбайлас жемқорлық, алаяқтық және АЖ/ТҚҚ және АЖ/ТҚҚ тәуекелін басқаруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатындағы ішкі бақылау тәртібі

28. Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылау Қоғамның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

29. АЖ/ТҚҚ мақсатындағы ішкі бақылау Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің бөлігі болып табылады.

30. АЖ/ТҚҚ саласындағы ішкі бақылауды Қоғам мынадай мақсаттарда жүзеге асырады:

1) Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін АЖ/ТҚҚ тәуекелдерін басқару үшін жеткілікті және тәуекелдермен (операциялық және беделдік) ұштасқан деңгейде қолдау;

2) Қоғамның, оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің АЖ/ТҚҚ процестеріне тартылуын болдырмау.

31. АЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылаудың негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің АЖ/ТҚҚ саласындағы саясатты сақтауы және бағдарламаларды іске асыруы;

2) АЖ/ТҚҚ тәуекелін басқарудың тиімді құралдарын қолдану (сәйкестендіру, бағалау және талдау, басқару, мониторинг және бақылау).

32. Көрсетілген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін Қоғам:

1) Қазақстан Республикасының АЖ/ТҚҚ саласындағы заңнамасының, құзыретіне АЖ/ТҚҚ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және алаяқтық мәселелері кіретін саясат пен бағдарламалардың сақталуына мониторингті жүзеге асыру бойынша жауапты қызметкерді (жауапты бөлімшені) тағайындайды;

2) АЖ/ТҚҚ тәуекелдерін басқару және АЖ/ТҚҚ мақсатында қаржы мониторингін жүзеге асыру бойынша ішкі нормативтік құжаттарды әзірлейді;

3) АЖ/ТҚҚ тәуекелдерін сәйкестендіруді, бағалауды және талдауды, басқаруды, мониторингілеуді және бақылауды жүзеге асырады.

33. АЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылау қағидаттары мыналар болып табылады:

1) қатысу-атқаратын лауазымына қарамастан АЖ/ТҚҚ мақсатында және тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде өз құзыреті шеңберінде ішкі бақылауды жүзеге асыру процесіне Қоғамның барлық қызметкерлерінің қатысуы;

2) құпиялылық-АЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды жүзеге асыру процесінде алынатын коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны

	«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты		
		1-редакция	23 беттің 1-беті

сақтау, АЖ/ТҚҚ мақсатында әзірленген қоғамның рәсімдері туралы мәліметтердің құпиялылығын сақтау, контрагентті (Клиентті) және өзге де тұлғаларды АЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды жүзеге асыру кезінде Қоғам қабылдайтын шаралар туралы хабардар етуге жол бермеу;

3) жауапкершілік - Қоғамның АЖ/ТҚҚ байланысты процестерге тартылуына жол бермеу үшін уақтылы және барабар шараларды қабылдау;

4) үздіксіздік – Қоғам қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының және АЖ/ТҚҚ саласындағы қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтауына тұрақты мониторингті жүзеге асыру.

34. Жауапты қызметкер (жауапты бөлімшенің қызметкерлері) Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен тағайындалады, өз жұмысында қызметтің тұрақтылығы, тәуелсіздік, бейтараптық, кәсіби құзыреттілік, кедергісіз және өз функцияларын жүзеге асырудың тиімділігі қағидаттарын басшылыққа алады.

35. АЖ/ТҚҚ мәселелері бойынша жауапты қызметкердің (жауапты бөлімшенің) функциялары мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

1) АЖ/ТҚҚ саласындағы ішкі саясаттарды, қағидалар мен рәсімдерді әзірлеу және өзектендіру, сондай-ақ олардың Қоғамда сақталуына мониторинг жүргізу;

2) АЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды жүзеге асыру саясаты мен бағдарламаларын іске асыру кезінде туындайтын мәселелер бойынша Қоғам қызметкерлеріне кеңес беру;

3) Қоғамның ішкі актілерінде көзделген АЖ/ТҚҚ мәселелері бойынша өзге де функцияларды орындау.

36. АЖ/ТҚҚ мақсатындағы ішкі бақылау төмендегі бағдарламаларды қамтуы мүмкін:

1) АЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру;
2) АЖ/ТҚҚ тәуекелін басқару;
3) контрагенттерді (клиенттерді) сәйкестендіру;
4) контрагенттердің (клиенттердің) күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларын зерделеуді қоса алғанда, контрагенттердің (клиенттердің) операцияларын мониторингтеу және зерделеу;

5) АЖ/ТҚҚ мәселелері бойынша Қоғам қызметкерлерін даярлау және оқыту;

6) Қоғам саясатқа сәйкес әзірлеуі мүмкін өзге де бағдарламалар.

7. Сыбайлас жемқорлық және алаяқтық тәуекелдерді бағалау

37. Сыбайлас жемқорлық және алаяқтық тәуекелдерді бағалаудың мақсаты Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлық

	«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты		
		1-редакция	23 беттің 1-беті

және алаяқтық іс-әрекеттерді жасау ықтималдығы неғұрлым жоғары болатын Қоғам қызметінің нақты процестері мен түрлерін айқындау болып табылады.

38. Сыбайлас жемқорлық және алаяқтық тәуекелдерді бағалау мыналарды қамтиды:

1) Қоғамның қызметін жеке процестер түрінде ұсыну, олардың әрқайсысында құрамдас элементтерді бөліп көрсету;

2) «сыни нүктелерді» бөліп көрсету-әрбір процесс үшін іске асыру кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың барынша ықтимал элементтерін айқындау;

3) іске асырылуы сыбайлас жемқорлық, алаяқтық тәуекелмен байланысты әрбір элемент үшін ықтимал сыбайлас жемқорлық және (немесе) алаяқтық құқық бұзушылықтардың сипаттамасын жасау, оның ішінде:

«сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық» жасаған кезде Қоғам немесе оның жекелеген лауазымды адамдары мен қызметкерлері алуы мүмкін пайданың немесе артықшылықтың сипаттамасы;

сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау үшін «түйінді» болып табылатын Қоғамдағы лауазымдар-сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау мүмкін болуы үшін Қоғамның қандай лауазымды адамдарының қатысуы қажет;

сыбайлас жемқорлық төлемдерін жүзеге асырудың ықтимал нысандары.

39. Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық саласындағы тәуекелдерді бағалау қоғамның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер

40. Қоғамда басқарушылық функцияларды орындайтын адамдардың өз өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануына әкеп соғуы мүмкін әрекеттер жасауына жол бермеу мақсатында аталған адамдар өздерінің өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануына әкеп соғуы мүмкін сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды.:

1) Қоғамда функционалдық міндеттерді орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асырмау;

2) жақын туыстарының, жұбайлары (зайыптары) мен жекжаттарының бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу;

3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;

	«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты		
		1-редакция	23 беттің 1-беті

4) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік өкілеттіктерін орындауына байланысты сыйлықтар қабылдауға жол бермеуге міндетті.

Қоғамда басқарушылық функцияларды орындайтын адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға келісімін Қоғамның адами ресурстарды басқару мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшесі лауазымға кіріскен күннен бастап 5 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Саясатқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркейді.

Қоғамда басқарушылық функцияларды орындайтын адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамауы лауазымға қабылдаудан (сайлаудан, тағайындаудан) бас тартуға не лауазымынан босатуға әкеп соғады. Қылмыстық жазаланатын іс-әрекет және әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаған жағдайларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау жұмыстан шығару (олардың өкілеттіктерін тоқтату) үшін негіз болып табылады.

41. Қоғамда басқару функцияларын орындайтын адамдарға тыйым салынады:

1) егер шаруашылық етуші субъектіні басқару немесе басқаруға қатысу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес олардың лауазымдық міндеттеріне кірмейтін болса, шаруашылық етуші субъектіні басқаруға дербес қатысуға, мүліктік немесе өзге де игіліктер алу мақсатында өздерінің қызметтік өкілеттіктерін құқыққа сыйымсыз пайдалану арқылы ұйымдардың немесе жеке тұлғалардың материалдық мүдделерін қанағаттандыруға жәрдемдесуге;

2) ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында облигацияларды, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында коммерциялық ұйымдардың акцияларын (ұйымдардың дауыс беретін акцияларының жалпы санының бес пайызынан аспайтын көлемде жай акцияларды) сатып алуды және (немесе) өткізуді қоспағанда, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға;

3) педагогикалық, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметті қоспағанда, басқа да ақы төленетін қызметпен айналысуға.

42. Қоғамда басқарушылық функцияларды орындайтын адамдар өздеріне меншік құқығымен тиесілі тұрғын үйді мүліктік жалдауға (жалға) беруге және осындай тапсырудан кіріс алуға құқылы.

43. Қоғамда басқарушылық функцияларды орындайтын адамдар, осы адамдарға заңды түрде тиесілі ақшаны, облигацияларды, ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын, сондай-ақ мүліктік жалдауға берілген мүлікті қоспағанда, пайдаланылуы кіріс алуға әкелетін, өздеріне тиесілі мүлікті Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен, осы

	«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты		
		1-редакция	23 беттің 1-беті

функцияларды орындау уақытына сенімгерлік басқаруға беруге міндетті.

44. Мүлікті сенімгерлік басқару шартын нотариат куәландыруға тиіс.

45. Акцияларды сатып алған жағдайда Қоғамдағы басқарушылық функцияларды орындайтын тұлғалар оларды сатып алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сенімгерлік басқаруға беруге міндетті. Бұл ретте олар Қоғамның адами ресурстарды басқару мәселелеріне жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшесіне шартты нотариат куәландырғаннан кейін он жұмыс күні ішінде мүлікті сенімгерлік басқаруға арналған шарттың нотариат куәландырған көшірмесін ұсынуға міндетті.

46. Қоғамда басқарушылық функцияларды орындайтын адамдардың саясаттың 43, 45-тармақтарында көзделген міндеттемелерді орындамауы олардың тиісті өкілеттіктерін тоқтатуы үшін негіз болып табылады.

47. Қоғамда басқарушылық функцияларды орындайтын адамдар өздерінің жақын туыстары және (немесе) жұбайы (зайыбы), сондай-ақ жекжаттары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты лауазымдарды атқара алмайды.

Қоғамда басқарушылық функцияларды орындайтын, саясаттың осы тармағының талаптарын бұзатын адамдар, егер олар көрсетілген бұзушылық анықталған кезден бастап үш ай ішінде оны ерікті түрде жоймаса, осындай бағыныстылықты болғызбайтын лауазымға ауысуға жатады, ал мұндай ауысу мүмкін болмаған кезде осы қызметшілердің біреуі лауазымынан босатылуға немесе көрсетілген функциялардан өзгедей жұмыстан босатылуға тиіс.

9. Сыйлықтар және оларға қатысты іс-әрекеттер тәртібі

1-параграф. Жалпы ережелер

48. Қоғам сыйлықтарды коммерциялық пайда алуға қатысты нәтижені қалыптастыру құралы ретінде пайдаланбайды, сондай-ақ оларды контрагенттерді (клиенттерді) Қоғаммен нақты мәмілеге қатысуға тарту немесе осындай интерпретациялардың туындауы үшін жағдайлар жасау үшін пайдаланбайды.

49. Қоғамның қызметкерлері мен лауазымды адамдарына Қоғам атынан не еңбек міндеттерін орындау, көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау шеңберінде сыйлықтар беруге тыйым салынады.

50. Іскерлік қатынастарға түсе отырып, қызметкерлерге контрагенттерді (клиенттерді) осы Саясатпен таныстыру ұсынылады.

51. Бар болса, контрагенттерден (клиенттерден), үшінші тұлғалардан

	«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты		
		1-редакция	23 беттің 1-беті

қабылданған ұқсас ішкі құжатпен танысу қажет.

2-параграф. Лауазымды тұлғалардың және (немесе) Қоғамда басқару функцияларын орындайтын тұлғалардың сыйлықтар қабылдауы және оларға қатысты іс-қимыл жасау тәртібі

52. Лауазымды адамдарға және Қоғамда басқарушылық функцияларды орындайтын адамдарға сыйлықтарды төмендегілерден өз бетінше, ері-зайыбы, жақын туыстары немесе өзге де адамдары арқылы қабылдауға тыйым салынады:

1) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, лауазымды адам және (немесе) қоғамда басқарушылық функцияларды орындайтын адам тиісті функцияларды орындамайтын ұйымдардан, сондай-ақ жеке тұлғалардан;

2) оларды ұсынған адамдардың пайдасына жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) лауазымды адамның және (немесе) Қоғамда басқарушылық функцияларды орындайтын адамның қызметтік (еңбек) өкілеттіктеріне кіретін болса;

3) қандай да бір себептермен оларға тәуелді Қоғам қызметкерлеріне жалпы қамқорлығы немесе жұмысы бойынша қамқоршылығы үшін.

Осы тармақта көзделген сыйлықтарды қабылдаудың кез келген актісін Қоғам сыбайлас жемқорлық сипатындағы іс-әрекет ретінде қарайды.

Сыйлықтарды үшінші тұлғалар тарапынан тапсыруға әрекет жасалған жағдайда лауазымды адам және (немесе) Қоғамдағы басқарушылық функцияларды орындайтын адам сыйлықтарды оларды тапсырған адамға қайтару жөнінде дереу шаралар қолдануға міндетті.

53. Қоғамда басқару функцияларын орындайтын адамдар, сондай-ақ лауазымдық жағдайына немесе қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты жоғарыда аталған адамдарға жария түрде немесе ресми іс-шаралар кезінде берілген (тапсырылған) сыйлықтарды, үшінші тұлғалар арқылы келіп түскен сыйлықтарды не олардың лауазымдық жағдайына немесе қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты алған сыйлықтарды «Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алудың, сақтаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысымен белгіленген тәртіппен сатып алу не сатып алудан бас тарту туралы жазбаша хабарламаны қоса бере отырып, сыйлықты алған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде тізімдеу актісі бойыншатапсыруға міндетті.

54. Қоғамда басқарушылық функцияларды орындайтын адам жауапты қызметкерге (жауапты бөлімшеге) сыйлықтың тапсырылғанын растайтын

	«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты		
		1-редакция	23 беттің 1-беті

Тізімдеме актісінің көшірмесін тапсырған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жібереді.

55. Сыйлықты Қоғамда басқару функцияларын атқаратын адамдардың жұмыс уақытында тапсыруы Қоғамның еңбек тәртібін бұзу ретінде қарастырылмайды.

56. Лауазымды адам және Қоғамда басқару функцияларын орындайтын адам болып табылмайтын Қоғам қызметкеріне төмендегілерге тыйым салынады:

1) кейіннен лауазымды адамдарға және (немесе) Қоғамда басқарушылық функцияларды орындайтын адамдарға беру мақсатында өзге адамдардан сыйлықтар қабылдау;

2) өзге адамдардан, оның ішінде пошта байланысы арқылы алынған сыйлықтарды лауазымды адамдарға және (немесе) қоғамда басқарушылық функцияларды орындайтын адамдарға беру.

57. Лауазымды адамның және (немесе) Қоғамда басқару функцияларын орындайтын адамның атына сыйлық алған жағдайда, Қоғам қызметкері сыйлықты сыйға тартушыға қайтару жөнінде барлық ықтимал шараларды қолдануға міндетті.

58. Сыйлықты қайтару мүмкін болмаған жағдайда, саясаттың 63-тармағына сәйкес шаралар қабылданады.

3-параграф. Қоғам қызметкерлерінің сыйлықтар қабылдауы және оларға қатысты іс-қимыл жасау тәртібі

59. Қоғам қызметкерлеріне контрагенттерден (клиенттерден) және өзге де адамдардан өздерінің еңбек міндеттерін орындауға/персоналды аутсорсинг қызметін тарту туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындауға байланысты кез келген сыйлықты өз бетінше, ері-зайыбы, жақын туыстары немесе өзге де адамдары арқылы қабылдауға тыйым салынады.

60. Қоғам қызметкерлеріне контрагенттерден (клиенттерден) және өзге де адамдардан ешқандай жағдайда да сыйлықтар талап етуге қатаң тыйым салынады.

61. Өзге тұлғалар тарапынан сыйлықтарды тапсыруға әрекет жасалған жағдайда, Қоғам қызметкері сыйлықтарды сыйға тартушыға қайтару бойынша барлық ықтимал шараларды қолдануға міндетті.

Сыйлықтарды, оның ішінде хабарламасыз келіп түскен сыйлықтарды хаттамалық және ресми іс-шараларды өткізу кезінде қайтару мүмкін болмаған жағдайда, Қоғам қызметкерлері сыйлықты алғаны туралы жауапты қызметкерді (жауапты бөлімшені) алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде (немесе, егер сыйлық іссапар кезінде алынған болса, іссапардан оралған күннен бастап 3 (үш)

	«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты		
		1-редакция	23 беттің 1-беті

жұмыс күнінен кешіктірмей) хабардар етуге міндетті.

Хабарлама еркін нысандағы қызметтік жазбаны Жолдау арқылы жазбаша нысанда беріледі және онда қоғам қызметкерінің тегі, аты және әкесінің аты, сыйлықтың сипаттамасы, оның болжамды нарықтық құны (оны белгілеу мүмкін болған кезде), сыйлық берудің ықтимал себебі/негізі, сыйлық берген адам туралы ақпарат қамтылуға тиіс.

62. Жауапты қызметкер (жауапты бөлімше) келіп түскен хабарламаларды сыйлықтарды есепке алу журналында (саясатқа 2-қосымша) тіркейді, ұсынылған мәліметтерге талдау жүргізеді және саясаттың 63-тармағына сәйкес 2 (екі) жұмыс күні ішінде қоғам қызметкеріне түсіндірмелер береді.

63. Осы Саясаттың 57-тармағында көрсетілген, оларды қайтару жөнінде шаралар қолдану мүмкін болмайтын сыйлықтар мынадай тәртіппен пайдаланылады: қоғамның үй-жайларын ресімдеу үшін пайдаланылуы мүмкін сыйлықтарды қоғамның қызметкері қоғамның қоғамдағы әкімшілік мәселелерге жауап беретін құрылымдық бөлімшесіне қабылдау-беру актісі бойынша береді.

10. Лауазымды адамдарды және Қоғамдағы басқарушылық функцияларды орындайтын адамдарды қоса алғанда, Қоғам ішіндегі Қоғам қызметкерлеріне сыйлықтар тапсыру

64. Лауазымды адамдарды және Қоғамдағы басқару функцияларын атқаратын адамдарды қоса алғанда, қоғам қызметкерлеріне мерейтой, мереке күндеріне, маңызды оқиғаларға Қоғам атынан естелік сыйлықтар, сондай-ақ спорттық, шығармашылық жетістіктері, қоғамдық іс-шараларға қатысқаны үшін көтермелеу жүлделерін тапсыруға рұқсат етіледі.

65. Қоғам қызметкерлерінің және (немесе) лауазымды адамдардың және (немесе) қоғамда басқарушылық функцияларды орындайтын адамдардың бір-біріне жеке қаражаты есебінен ерікті негізде сыйлықтар беруіне, егер мұндай сыйлықтар Қоғамда лауазымдық міндеттерді атқаруға байланысты болмаса, Қоғам тыйым салмайды.

66. Қоғам қызметкерлерінің және (немесе) лауазымды адамдардың және (немесе) Қоғамда басқару функцияларын атқаратын адамдардың бір-біріне сыйлықтарды тапсыруына, егер мұндай сыйлықтар қоғамда лауазымдық міндеттерді атқаруға байланысты болса, жол берілмейді.

11. Қайырымдылық, демеушілік және саяси қызметке қатысу

67. Қоғам өз қызметінде артықшылық алу немесе оны сақтау мақсатында саяси партияларды, қоғамдық бірлестіктерді қаржыландыруды дербес немесе

	«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты		
		1-редакция	23 беттің 1-беті

Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлері арқылы жүзеге асырмайды.

68. Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлері саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар, қоғамдық қозғалыстар, қоғамдық қорлар сияқты қоғамдық бірлестіктерге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған өзге де коммерциялық емес ұйымдарға, сондай-ақ мақсаты Қоғам үшін өз қызметінде артықшылық алу немесе сақтау болып табылмайтын халықаралық қоғамдық бірлестіктерге қатысуға құқылы.

69. Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне қоғамдық бірлестіктерге қатысқан кезде өз қызметінде Қоғам үшін артықшылық алу немесе оны сақтау мақсатында ұсынуға, беруге, уәде етуге немесе төлемдер жасауға, мүлік енгізуге, сыйлықтар беруге және қоғам атынан басқа да әрекеттер жасауға тыйым салынады.

70. Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлері қоғамдық ұйымдарға қатысқаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес жауапты болады.

12. Үшінші тараппен өзара ынтымақтастық

71. Қоғам уәкілетті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, қоғамдық бірлестіктермен және үкіметтік емес ұйымдармен сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және АЖ/ТҚҚ-ға қарсы іс-қимыл саласында өзара түсіністік қағидаты негізінде мынадай мақсаттарда ынтымақтасады:

1) сыбайлас жемқорлық, алаяқтық іс-әрекеттер және (немесе) АЖ/ТҚҚ жасауда күдікті (айыпталушы) адамдарды және олардың орналасқан жерін, сондай-ақ осындай іс-әрекеттерге қатысы бар басқа да адамдардың орналасқан жерін анықтау;

2) сыбайлас жемқорлық, алаяқтық іс-әрекеттерді және (немесе) АЖ/ТҚҚ жасау нәтижесінде алынған мүлікті анықтау және кері не мемлекет пайдасына беру;

3) сыбайлас жемқорлық, алаяқтық іс-қимыл және (немесе) АЖ/ТҚҚ мәселелері бойынша ақпарат, мәліметтер алмасу;

4) сыбайлас жемқорлық, алаяқтық әрекеттердің және (немесе) АЖ/ТҚҚ алдын алу және оларға қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметті үйлестіру және бірлескен іс-шараларды әзірлеу.

13. Жауапкершілік

72. Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлері құқық бұзушылықтар жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

	«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты		
		1-редакция	23 беттің 1-беті

қылмыстық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және тәртіптік жауаптылықта болады.

73. Сыбайлас жемқорлық және алаяқтық іс-әрекеттер жасағаны және (немесе) АЖ/ТҚҚ жасағаны үшін қылмыстық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және тәртіптік жауапкершілік шаралары қолданылған қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлері материалдық залалды толық өтегенге дейін жауапкершіліктен босатылмайды.

74. Қоғам басшылары, Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары өз өкілеттіктері шегінде, сондай-ақ шарттық қатынастар шеңберінде Қоғамның тапсырмасы бойынша не жоғары тұрған органның (аудиторлардың, агенттердің, консультанттардың және т.б.) тапсырмасы бойынша жұмыс істейтін үшінші тұлғалар-контрагенттердің (клиенттердің) басшылары осы саясатта белгіленген талаптарды іске асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыруға және үйлестіруге жауапты болады.

14. Қорытынды ережелер

75. Саясат нормалары Қоғамның барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің орындауы және сақтауы үшін міндетті.

76. Осы Саясатпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі.

77. Егер Саясаттың жекелеген тармақтары Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғам Жарғысын өзгерту нәтижесінде оларға қайшы келсе, Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Қоғам Жарғысына қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

78. Саясатпен танысу Қоғамның барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері үшін міндетті. Танысқаннан кейін Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Саясатқа 3-қосымшаға сәйкес нысанды толтыруы тиіс, ол олардың жеке істерінде сақталатын болады.

	«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты		
		1-редакция	23 беттің 1-беті

«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатына
1-қосымша

Форма

ӨТІНІШ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ШЕКТЕУЛЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ

Мен, (аты-жөні) _____ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі-заң) 12-бабының 1-тармағына сәйкес Заңның 13, 14 және 15-баптарында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, мынадай сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдаймын:

- 1) лауазымдық функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру;
- 2) жақын туыстарының, жұбайлары (зайыптары) мен жекжаттарының бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу;
- 3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;
- 4) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік өкілеттіктерін атқаруына байланысты сыйлықтар қабылдау.

Лауазымы _____ Аты-жөні _____
(қолы)

Күні

	«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты		
		1-редакция	23 беттің 1-беті

«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатына
2-қосымша

Форма

Сыйлықтар мен қонақжайлылықты есепке алу журналы

№	Қонақжайлылық актісін көрсету, сыйлық алу күні	Қонақжайлылық актісі, сыйлық алу туралы хабарламаны ұсынған адамның Т.А.Ә. және лауазымы	Сыйлықтың атауы, сипаттамасы, ние подарка, описание	Сыйлық алған адамның аты-жөні мен лауазымы	Сыйлық берушінің аты-жөні, телі	Атауы, вание	Ерекше белгілері
1	2	3	4	5	6	7	8

	«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты		
		1-редакция	23 беттің 1-беті

«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатына
3-қосымша

Форма

Растау

■ Мен «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ – да(бұдан әрі-Қоғам) сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға(жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатын зерделегенімді және түсінгенімді растаймын.

■ Мен Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саясатта белгіленген талаптарды қатаң сақтауға міндеттенемін

■ Мен сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға(жылыстатуға) және қоғамда терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатты бұзған жағдайда, мені азаматтық-құқықтық, әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа тартатыны, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен атқаратын лауазымынан босататыны туралы хабардармын.

Туісті ұяшықтарды белгілеуіңізді өтінеміз.

Қол қоюыңызды өтінеміз.

_____ «____» _____ 20__ж.

Аты-жөні, қолы

Ескертпе:

Осы нысанды мұқият зерделегеніңізді, түсінгеніңізді және Сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және қоғамда терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саясатында белгіленген талаптарды адал орындауға міндеттенгеніңізді растау үшін пайдаланыңыз.

Қоғамда еңбек және (немесе) лауазымдық міндеттерді орындау кезінен бастап толтырылған және қол қойылған растау формасы Қоғамның әрбір қызметкерінің жеке ісінде сақталады.

	«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты		
		1-редакция	23 беттің 1-беті

Қол қойылды

15.09.2020 17: 35 Сманов Данияр Дінікүлұлы